«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Максымканова Айханым Ханайқызының «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған А.Х. Максымкановаңың «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты диссертациялық жұмысы ғылымның дамуына бағытталған және «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру», «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертациялық жұмысты автор жеке өз орындаған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарламаларға қатысы жоқ. А.Х. Максымкановаңың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалған және Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басты бағытына сәйкес келеді.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы толық ашылған. - Жұмыста Қазақстан Республикасындағы Алматы қаласындағы республикалық дәрежедегі архивтер (ОМА, ПА, ОМҒТҚА) жеке тектік қорлардың дамуы және әдістемелік негіздері зерттелген. - электрондық негізде және цифрлы кеңістікте жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайы алғаш рет баяндалған. - республикалық архивтердегі жеке тектік қорларды ғылыми негізде жүйелеу алғаш рет зерттелді. 2.1. Қосады, ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	А.Х. Максымкановаңың диссертациялық

		1) жоғары;	жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Жеке тектік қорларды жүйелеу жұмыстарын толық игере білген және салыстырмалы саралау, талдау жасалынған. Соңғы тараушада жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша жаңаша көзқараста ұсыныстар берілген. 3.1. Жоғары
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Кеңестік кезеңде жеке тектік құжаттарды архивтерде жинақтау біршама күрделі әрі маңызды жұмыс болды. Архивте жинақталған жеке тектік құжаттарды қор ретінде қалыптастыру архивтік принциптер мен критерийлер негізінде іске асырылады. Жеке тектік қорды қалыптастыру дегеніміз рет-ретімен жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстардың жиынтығы. Республикадағы мемлекеттік архивтер жүйесі кеңестік кезеңдегі архив ісінің тәжірибесі негізінде қалыптастырылып келеді. Тәжірибелік тұрғыдан сақталып, жүзеге асырылып келгенімен, оның ғылыми негізі арнайы зерттелмеген. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың тиімді тұстары айқындалып ғылыми-техникалық прогресстің дамуынан қалмайтындай дәрежеде жетілдіру үшін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет. Тақырыптың осы тұрғыдан алғандағы маңызы, өзектілігі мен ғылыми
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			мәні өте жоғары. 4.1 Негізделген
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді және оны жан-жақты ашады. Зерттеу барысында жеке тектік құжаттарды архивтанулық тұрғыда жүйелі түрде қарастырылған. Жұмыстың құрылымы кіріспе, теориялық-методологиялық бөлімдер, тәжірибелік нәтижелер мен ұсыныстар, қорытындылар– тақырыптың барлық аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдар диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және оның мазмұндық өзегін нақты айқындайды. Осыған орай, диссертацияның мазмұны таңдалған тақырыппен толық үйлеседі және оның ғылыми мәнін ашуға бағытталған. 4.1 Айқындайды.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты одан туындайтын міндеттері тақырыппен толық сәйкес келеді және оны іске асыруға бағытталған. Зерттеу жұмысының мақсаты: Республикалық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеу және айқындау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			төмендегідей міндеттер айқындалған: – ҚР ОМА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуы және әдістемелік негіздерін талдау; – ҚР ПА-дегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктерін сипаттау; – ҚР ОМҒТҚА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуының барысын қарастыру, талдау; – жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайын талдау; – шетелдік және отандық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыруды салыстырмалы талдау; – жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерінің күрделі мәселелерін анықтау; – архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау, есепке алу мәселелерін айқындау; – жеке тектік қор құжаттарын мемлекеттік архивтерде қалыптастыру жөнінде ұсыныстар жасау. Осылайша диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу логикасын сақтай отырып ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын қамтамасыз етеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара үйлесімді байланысып, ғылыми негізделген дәйектілікке ие. Зерттеу жүйелеу қағидатына сүйене отырып
		1) толық байланысқан;	

		2) ішінара байланысқан;	құрылып, кіріспеден, қысқартылған сөздер, негізгі үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. 4.4. Толық байланысқан.
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған ұсыныстар, сыни пікірлер мен талдаулар жүйелі түрде дәлелденген. Олар кеңестік кезеңнен бері келе жатқан тәжірибемен салыстырмалы түрде талданған. 4.5 Сыни талдау бар.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ұсыныстары толығымен жаңа. Еңбекте: – жеке тектік қорларды жинақтау бойынша архивтердің әдістемелік негіздері жеке-жеке талданып, жаңа маман иелерінің пайда болуына байланысты қор құрушылардың салалық ерекшеліктерін ескеріп, құжаттарының құрамына байланысты қор қалыптастыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылатын, жетілдірілген, біріздендірілген ортақ әдістемеліктің қажеттілігі анықталды; – жеке тектік қорлардың архивтер арасында бөлшектенуі, қайталануы, орын
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			ауыстыруы мәселелері алғаш рет ғылыми негізде айқындалды; – архивтердегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау мәселелері алғаш рет зерттеліп, проблемалары анықталып, ұсыныстар жасалды; – жеке тектік қорларға қолжетімділік мәселесі, оларды пайдаланудың заңдық, құқықтық-нормативтік жағдайы кешенді түрде алғаш рет зерттелді. Осыған байланысты диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған тәсілдер архивтану саласында жаңа деп есептеуге болады. 5.1 Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа. Автор республикалық архивтер арасында орын алған мәселелер негізінде жинақтау көздері тізімінің қажеттілігі және қандай тұлғаларды енгізу туралы, оларды архивтердің қызмет бейіне сәйкестендіру бойынша жинақтау туралы қорытындылар жасалды. Жинақтау көздерінің тізімін жасау қажеттілігі жеке тектік қорлардың қайталануы, бөлшектенуі, архивтер арасында орын ауыстыруы т.б. мәселелерді болдырмауға септігін тигізеді. Сондықтан архивтану ғылымында диссертация қорытындылары мазмұны мен ғылыми маңызы жағынан жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			5. 2 Толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс «8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. 5.3 Толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге сәйкес. 6. Негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттары толығымен дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3. Қағидаттар жаңа; 7.4. Қолдану деңгейі кең; 7.5. Мақалада дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың басты мәселелері мен негізгі қорытындылары бойынша 7 ғылыми мақала, оның ішінде 3
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

		7.2 Тривиалды ма?	мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 3 мақала «Жаңа архив» және «Қазақстан архивтері» ғылыми-әдістемелік журналдарында жарияланды.
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе	Диссертациялық жұмыста әдіснаманың

		әдіснама нақты жазылған:	таңдауы жақсы жазылған. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кездегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық приницпі және жеке тектік қорларды қалыптастыруға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізу үшін маңызы зор ғылыми обьективтілік принциптер құраған. Сонымен бірге диссертацияны жазу барысында салыстырмалы-тарихи, проблемалық хронологиялық әдістерін қолдану арқылы жүргізген. 8.1 Иә.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеулердің заманауи компьютерлік технологияларды қолдану, сонымен қатар деректерді өңдеудің және интерпрециялаудың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдаланған. Ізденуші электрондық жеке тектік құжаттармен жинақтау, сақтау, нормативтік-құқықтық жағдайы, басқару бойынша теориялық және практикалық жағдайын зерттеген. Диссертация нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістері мен цифрлық технологиялар негізінде алынған деп толық сеніммен айтуға болады. 8.2 Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар, пікірлер, құрылымдық өзара байланыстар мен заңдылықтар нақты тәжірибелік эксперименттер зерттеулер арқылы дәлелденіп, тәжірибе жүзінде расталған. Бұл нәтижелер диссертациядағы теориялық ұстанымдардың өміршеңдігін және практикалық құндылығын арттырады. 8.3 Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Elsevier, Web of Science, Scopus базаларындағы халықаралық рецензияланған ғылыми баспаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалаларға сілтеме жасаған. 8.4 Расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық аспектілерін жан-жақты қамтиды. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, халықаралық стандарттар мен нормативтік құжаттарды, сондай-ақ заманауи ғылыми мақалаларды кеңінен пайдалана отырып,

			әдеби шолуды мазмұнды және ғылыми негізделген деңгейде жүзеге асырған. Сілтемелер саны мен мазмұны диссертациялық зерттеу мақсаттарын дәлелді негіздеуге және ғылыми жаңалықтарды анықтауға толық мүмкіндік береді 8.5 Жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелері отандық архивтану ғылымының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары негізінде жеке тектік қорлардың қалыптастырудың ғылыми негіздері болашақта жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 9.1 Бар.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар, республикалық архивтерде жеке тектік қорлардың архивтер арасында қайталанбайтын, бөлшектенбейтін, орын ауыстырмайтын ұлттық архив қоры бола алатын құнды дерек ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. 9.2 Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңалыққа ие, себебі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау,
		1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	цифрлы кеңістікте арнайы әлеуметтік платформаларда жеке тектік қорларды қалыптастыру, жеке тектік қорларға қолжетімділік мәселесі, нормативтік-құқықтық жағдайы айқындалып, жеке тектік қорлардағы тізімдемелерде ақпаратты іздеудің автоматтандырылған түрі, танымал заманауй мамандық иелерінің құжаттарының түрлері ұсынылған. Бұл зерттеу жеке тектік қорларды қалыптастыру заман талабына сай архивтанулық талдау жасалған еңбек болып табылады. **9.3 Толығымен жаңа**
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары, жұмыс дербес әрі толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Тілі жатық, сала бойынша ғылыми терминдерді жақсы меңгергені байқалады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін		Ізденушінің ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Автор өз еңбектерінде архивтерде жеке тектік қорларды жинақтау және олардың жолдары, қалыптастырудың әдістемелік және құқықтық негіздері,

	зерделейді)		зерттеудің тарихнамасы, шетел архивтерімен салыстырмалы түрде талданған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Максымканова Айханым Ханайқызының «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді қолдаймын.

Ресми рецензент:
«Абай атындағы ҚазҰПУ-нің»
Тарих және құқық факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Phd
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ

Асымова Дария Болатқызы
(Аты-жөні)